

Амирбекова У.А.
Хянга – ана тіліндегі поэзия

Мақала хянга жанрында жазылған ежелгі корей поэзиясына арналған. Оның корей халқының ұлттық салт-дәстүрлерімен және жөн-жоралғыларымен байланысы қарастырылып, халық поэзиясына шаманизм мен буддизмнің ықпалы атап көрсетіледі. Автор Кореяның поэзиялық дәстүрі ежелгі хянгалардан бастау алады деген қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: хянга, Самдэ мок, Самгук юса, хваран, «үлкен» мен «кіші», үйлесімділік, самырсын.

Amirbekova U.A.
**Hyangga – poetry
in their native language**

The article is devoted to ancient Korean poetry in the genre hyangga. It considers its relationship with folk customs and rituals, it notes the influence of shamanism and Buddhism in popular songwriting. The conclusion is that the poetic tradition of Korea originates in ancient hyangga.

Key words: hyangga, Samde mok, Samguk sagy, hwarang, «head» and «inferior», harmony, pine.

Амирбекова У.А.
**Хянга – поэзия на родном
языке**

Статья посвящена древней корейской поэзии в жанре хянга. Рассматривается её связь с народными обычаями и ритуалами, отмечается влияние шаманизма и буддизма на народное песенное творчество. Делается вывод о том, что поэтическая традиция Кореи берет свое начало в древних хянга.

Ключевые слова: хянга, Самдэ мок, Самгук юса, хваран, «старший» и «младший», гармония, сосна.

**ХЯНГА –
АНА ТІЛІНДЕГІ
ПОЭЗИЯ**

Хянга немесе сонве норэ сөзін «туған ел өлеңдері» немесе «ана тілінде жазылған өлеңдер» деп аударуға болады. Бұл сөз Корей түбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан (IV-VII ғғ.), кейіннен VII ғ. өз қол астына бүкіл түбекті біріктірген (VII-X ғғ.). Силла мемлекетінде тараған поэзияның жалпы атауы. Хянга ұғымы корей тілінде жазылған және қытай поэзиялық шығармаларына – танси – тан өлеңдері деп аталатын Тан мемлекетінің (VII-IX ғғ.) поэзиясына қарсы қойылған [1.7]. Алғашқы кезден-ақ корей мәдениетінде «өзімдікі» және «бөтендікі» деген шектеу болғандығын байқаймыз. Әрі өзінікі бөтендікінен құндырақ болған. Ерте корей мемлекеттерінің кезінде-ақ ұлттық мәдениеттің туындыларын сақтау мәселесімен буддашылар айналысқан. Осылайша, 888 ж. Силла мемлекетінің билігі әлсірей бастағанда, буддалық тәлімгер Тэгу мен жоғары санаттағы шен иесі Вихон алғашқы хянга жинағын – Самдэ мок «Үш дәуір поэзиясының жинағы» деген атаумен шығарған. Бұл ескерткіш сақталмаған. Ол тіпті XIII ғ. сон мектебінің басқа буддалық тәлімгері Ирён қайтадан корей тіліндегі көне поэзияның үлгілерін жинамақ болғанға дейін жойылып кеткен тәрізді [2.20].

Хянганың бары-жоғы 25 өлеңі сақталған. Олар екі буддалық шығармада: 11 өлең – 1705 ж. Корёнің мемлекеттік қайраткері Хёк Нёнчжон құрастырған будда тақуасы Кюнённің (923-973) өмірбаяны «Кюнё өмірінде»; 14 өлең – Самгук юса «Үш мемлекеттің тарихи жазбаларынан» тыс қалған істер» тарихи ескерткішінде жазылған. Бұл ескерткіште хянга өлең орындалған кездегі жағдайды сипаттайтын прозалық мәтінге енгізілген.

Ереже бойынша хянга төрт, сегіз және он жолдан тұрады. Он тармақты өлеңдері үш шумақтан: екі төрт тармақты және соңы екі тармақты өлеңнен тұрады. Олар иду тәсілімен корей тілінде жазылған. Ал қытай иероглифтері корей тілінің грамматикалық көрсеткіштері мен сөздерін жазуға арналған фонетикалық белгі ретінде пайдаланылған.

Хянганың кемелденген шағы біртұтас корей мемлекеттілігінің бірігуі мен нығаю кезеңіне тура келеді. Өлеңдерді шығару мен оны орындау хварандармен – ерекше әлеуметтік ұйыммен байланысты болған. Онда адамдарды басқару үшін, абыз-ақын қызметін де атқаратын, арнайы оқытылған әкімшілер мен әскерилерді дайындаған [1.9].

Ертеде поэтикалық сөзге сиқырлық қызметі де жүктеген. Сондықтан да болар, хянганы орындау әлемнің, яғни табиғат пен мемлекеттің ахуалына сиқырлы күшпен әсер ету рәсімімен байланысты болған. Сөз ғарыштық тәртіпті қолдауға тиіс болатын. Хянганы абыз-ақын рәсімді өткізу барысында шығарған. Рәсімді сипаттау прозалық мәтінде берілген, ал өлең жөн-жоралғыны өткізу салтанатында негізгі орында тұрған. Жөн-жоралғылар көп болғандығына қарамастан, олардың бір ғана белгілі мақсаты болған – әлемдегі үйлесімділікті сақтауды көздеген. Жөн-жоралғы салтанатын ұжымдағы маңызды тұлға – хваран, мәдени дәстүрді сақтаушы-абыз, будда ақын-монахы (будда тақуалары абыз қызметін де атқарған) жүргізген.

Хянга мәтіндерінде екі тұлға: орындаушы мен жолданушы (адресат) бар. Орындаушы дегеніміз тәртіпті сақтауға, егер ол бұзылған болса, қайта қалпына келтіруге талпынатын тұлға. Жолданушыны таңдау рәсім өткізудің өте маңызды сәті болып табылған, өйткені рәсім өткізудің табысты болуы таңдаудың дұрыстығымен тікелей байланысты. Жолданушы, тәртіп бойынша, «маңызды тұлға» – бойында ғарыш күші жинақталған, ұжымның тұтастығы мен амандығын сақтай алатын «үлкені» болуы тиіс. Самгук юсада рәсімдердің бірнеше түрін көрсетуге болады. Олардың бір бөлігі жергілікті мифологиялық және шамандық дәстүрлермен байланысты болса, екінші бір бөлігі буддалар мен бодхисатваларға жүгінуді білдіреді. Сондай-ақ, буддалық хянгалар «үлкен» мен «кішінің» рәсімдік қызметтері туралы жергілікті түсініктер негізінде құрылған [2.21].

Рәсімдер мен хянга мәтіндерінде «үлкеннің» «келбетіне» (моян, чыт) ерекше назар аударылады. «Бет-бейне», «келбет» түсінігіне нақты физикалық сипаттары, яғни денсаулығы, сұлулығы, сонымен қатар адамгершілік қасиеттері де жатады. Үлкеннің «бет-бейнесіне» оған тәуелді «кіші» оның денесінің бөліктері: қолы, аяғы, көзі және т.б. ретінде енгізіледі. Әрбір үлкен өзінен анағұрлым маңызды тұлғаға қатысты кіші болып табылады. Егер үлкен «келбетке» ие болса, онда кіші – «сана-жан рухына» (сим, маым) ұғымына ие. Ол жүректі ойлау органы, әрі өмір ретіндегі Қиыр Шығыстағы ерекше ұғыммен байланысты. «Сана-жан рухы» – сиқырлы айна, одан үлкеннің бет-бейнесі көрінеді. Кішінің міндеті – үлкен келбетінің таза қалпын сақтау, егер ауытқулар болып жатса, оны қалпына келтіруге тырысу.

Самгук Юсаға енген 14 хянга мазмұны жағынан алуан түрлі. Олар қай билеушінің кезінде, қандай жағдайда, бұл өлеңді кімнің

шығарғандығы туралы айтылған прозалық мәтінге енгізілген. Ирән бұл өлеңдерді VI-IX ғғ. пайда болған деп белгілейді [2.21]. Бірнеше рәсімдер мен олармен байланысты хянгалардан мысал келтіре кетейік.

Үлкеннің дұрыс бет-бейнесі мен әлеумет арасындағы үйлесімді сақтау рәсімі. Бұл рәсім мәтінде «Кендок-ван билеуші. Чхундам ұстаз. Ерекше абыройлы Пхэхун» деген атпен суреттелген (Кендок билеуші Силлада 742-764 жж. билік еткен).

3-айдың үшінші күні Кендок билеуші астананың батыс қақпасы жанындағы ғимаратта отырып, «жақсы киінген» тақуаны алып келуді бұйырды. Нөкерлер байсалды әрі адамгершілігі мол тақуаны алып келіпті, бірақ билеуші оны қабылдамапты. Оңтүстік тарапта киімі жамау-жамау, шиіе ағашынан жасалған дөңгелек себет ұстаған басқа бір тақуа пайда болыпты. Билеуші соны шақыруға әмір беріпті. Тақуа өз есімінің Чхундам екендігін, жыл сайын үшінші айдың үшінші күні және тоғызыншы айдың тоғызыншы күні өзінің Намсан тауына көтерілетіндігін, шәй демдеп, оны Майтрейеге (будда мифологиясында – болашақтағы әлемдік тәртіптің буддасы; ол әлемді әділ будда билеушісі басқарғанда келеді) ұсынатындығын айтады. Билеушінің өтініші бойынша Чхундам оған шәй демдеп ұсынады. Билеуші оның бұрын «Кипха хваранды мадақтаймын» деген хянганы шығарғандығын білетін еді. Сондықтан да одан халықты татуластыра отырып басқаруға мүмкіндік беретін өлең жазып беруін сұрайды [3.172]. Тақуа оның өтінішін орындап, билеушіге өлең шығарып береді. Анмин ка «Халықты қалай тыныштандыру туралы өлеңде» былай делінген:

Билеуші – әке,
Оған бағынышты – сүйікті ана,
Ендеше оның қол астындағылар – жасы кіші балалар.
Егер олай болса, қол астындағыларды да сүю қажет.
Олар әуре-сарсаңмен күнелтіп жүрген тірі жандар.
Олардың қарнын тойдырындар да, басқарындар!
«Біз бұл жерді тастап қайда кетер екенбіз?» –

деп олар сонда ойланар.

Билеуші мен Чхундамның арақатынасы жөн-жоралғыға сай. Мұндағы хянганы шығару үшінші айдың үшінші күнімен – көктемнің соңғы айымен ұштастырылған. Бұл айда құнарлылықты арттыру мен күн белсенділігін қуаттау салт-жоралғылары жүргізіледі. Оны астананың батыс бөлігінде орналасқан павильонда, яғни батыс/шығыс сызығында өткізу шарт. Салт-жораларды жүзеге асырушы – оңтүстіктен келе жатқан тақуа.

Оның киіміне солярлық сипат тән – киімі сырып тігілген, жамау-жамау, басқаша айтқанда, бірнеше қайтара инемен тігілген. Ине – күннің әмбебап белгісі, ал бірнеше жерден ине өткен киім солярлық қасиеттерге ие болады. Одан басқа, тақуаның оңтүстікпен байланысының болуы, сондай-ақ, күн белсенділігі мен жеміс беруші күштерді қолдайтын көктемгі және күзгі (3-ші және 9-шы айдың рәсімдері) салт-жоралармен байланыс орнататын солярлық кейіпкерді және жоғарғы күштермен тілдесе алатын (хош иісті шайдың бір кесесін ұсыну рәсмін өткізеді), ұжым үшін маңызды салт-жораны өткізетін абызды көрсетеді [2.22]. Сондай-ақ, Чхундамның қолында қара түсті ыдыс – себет бар. Мифтерге сәйкес, бұл әйелдің баланы дүниеге әкелуші мүшесін білдіреді. Миф бойынша қолында қара түсті ыдыс ұстаған ер адам ұрпақ таратушы актін (өлу – ұрықтану) белгісі. Билеуші, рәсімді өткізеді деп, таңдаған тақуа шығыс/батыс, оңтүстік/солтүстік сызықтарының қиылысатын нүстесінде тұратын солярлық ұрпақ таратушы сипатына ие. Одан басқа, билеушіге оның есімі көркем сөздің сиқырын білетін ақын – «Кипха хваранды мадақтаймын» хянгасының авторы ретінде белгілі. Осы сипаттамалардың барлығы Чхундамды көктемгі рәсімнің негізгі бөлігін орындаушы ретінде таңдауға – сөз сиқыры арқылы билеушінің бет-бейнесі мен социумдағы үйлесімділікті сақтап қалуға қабілетті хянганы шығаруды тапсыруға мүмкіндік берді. «Халықты қалай тыныштандыру керектігі туралы өлең» билеушінің қатысуымен шығарылған, яғни рәсімнің негізгі бөлігі болып табылады [2.23].

Чхундам шығарған Чхан Кипхаран қа «Кипха хваранды мадақтаймын» өлеңінде былай делінген:

Мен аспанға қараймын –
Онда пайда болған ай
Ақша бұлттың ізімен жүрмейді.
Мен жерге қараймын –

Онда суы көгілдір өзеннің жағасында,
Кипха хваранның бейнесі маған көрінер.
Осы жерде, Иро өзенінің жағасында тұрып, ант беремін,
О, хваран! Сенің бейнеңді жадында сақтаған,
Мен өзімнің жаным мен санама еремін!
[яғни, сенің бейнең менің жанымды толтырып, онда мәңгі қалады]
Ая! Сен самырсын сияқтысың, оның бұтақтары биікке ұмтылған, –
Қырау сен үшін түкке тұрғысыз, о хваран!

«Кипха хваранды мадақтаймын» хянгасы, бір қарағанда, пейзажға арналғандай болып көрінеді. Пейзаж әлеуметтік өрлеудің әртүрлі сатысында тұрған екі адамның қарым-қатынасымен белгіленген. Онда айтылған реалийлерге қарағанда, өлең күзде, түнгі уақытта, ай толған кезде шығарылған. Онда Чхундамның жоғары дәрежелі хваранға адалдығы туралы айтылған. Хянга авторы хваранның жасы кіші – шәкірті ретінде, ал өлең арналған адам, яғни хваранның өзі жасы үлкен – тәлімгер ретінде таныстырылған. Үлкеннің келбеті аспанда жылжымай тұрған айға теңестірілген (ақша бұлттың соңынан ілеспейді) – идеалды қалыпта тұр. Келбеттің идеалды қалпы өзеннің тұнық (таза, лайланбаған) суынан көрінеді. Бір мезгілде үлкеннің келбеті шәкіртінің, жасы кішінің жаны мен санасында көрініп, мәңгі сақталады. Үлкен бейнесінің идеалдығы оны самырсынмен салыстыру арқылы дәлелденген. Оған «қырау да түк емес», яғни оның келбеті қысы-жазы өзгермейді. Самырсынмен салыстыру адамның биік адамгершілік қасиеттерін көрсетеді, ол өзінің қағидаларын өзгертпейді [2.23].

Сонымен, хянгадағы табиғат – әдемі пейзаждың суреттемесі емес, ол үлкен бейнесінің идеалды қалпын білдіреді. Өлеңде биік адамгершілік қасиеттерге ие адам мен ғарыштың идеалды қалпы арасына теңестіру белгісі қойылады.

Әдебиеттер

- 1 Никитина М.И. Древняя корейская поэзия в связи с ритуалом и мифом. – М., 1982. – С. 327.
- 2 Троцевич А.Ф. История корейской традиционной литературы (до XX в.): учебное пособие – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2004. – С. 323.
- 3 Смертин Ю.Г. Хянга: живые голоса корейской древности // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, – 2015. – № 8 (50): в 3-х ч. – С.169-174.

References

- 1 Nikitina M.I. Drevnjaja korejskaja poezija v svjazj s ritualom i mifom. – M. – 1982. – S. 327.
- 2 Trocevic A.F. Istoriija korejskoj tradicionnoj literatury (do 20 v.): Uchebnoe posobie. – Spb.: izdatel'stvo S.-Peterburgskogo universiteta. – 2004. – S. 323.
- 3 Smertin Ju.G. Hjanga: zhivye golosa korejskoj drevnosti // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – Tambov. Gramota. – 2015. – № 8 (50): v 3-h chastjah. – S. 169-174.